



**1997 жылғы 18 қарашада жасалған Өзара кепілдіктер туралы келісімнің кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 21 маусым N 686

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 811 Р020811\_ Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы N 248 Р020248\_ қаулысының З-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған ЭНИ С.п.А., Аджип Қарашығанақ Б.В., БГ Групп п.л.к., Қарашығанақ Лимитед, Тексако Инк., Тексако Интернейшнл Петролеум Компани, "ЛУКОЙЛ" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі,

"ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы Өзара кепілдіктер туралы келісімді Өзгерту туралы келісімнің жобасы мақұлдансын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2002 жылғы 21 маусымдағы  
N 686 қаулысымен  
мақұлданған

**1997 жылғы 18 қарашада жасалған  
ӨЗАРА КЕПІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ  
ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Осы ӨЗАРА КЕПІЛДІКТЕР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ ӨЗГЕРТУ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ 2002

жылғы \_\_\_\_\_ мыналардың арасында жасалды:

1. Италияда тіркелген ЭНИ С.п.А. (ENI S.p.A.) компаниясы ("Аджип бас

компаниясы");

2. Нидерландыда тіркелген Аджип Қараышығанақ Б.В. (Agip Karachaganak B.V.) компаниясы ("Аджип");

3. Құрама Корольдікте тіркелген БГ Групп п.л.к. (BG Group p.l.c.) компаниясы ("БГ бас компаниясы");

4. Құрама Корольдікте тіркелген БГ Қараышығанақ Лимитед (BG Karachaganak Limited) компаниясы ("Бритиш Газ");

5. АҚШ, Делавэр штатында тіркелген Тексако Инк. (Texaco Inc.) компаниясы ("Тексако бас компаниясы");

6. АҚШ, Делавэр штатында тіркелген Тексако Интернейшнл Петролеум Компани (Texaco International Petroleum Company) компаниясы ("Тексако");

7. Ресей Федерациясында тіркелген "ЛУКОЙЛ" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы компаниясы ("ЛУКОЙЛ" бас компаниясы");

8. Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет етуші Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ("Республика");

9. "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы ("ҚазМұнайГаз")

Жоғарыда санамаланған тараптардың әрқайсысы бұдан әрі жеке өз алдына "Тарап" және бірлесіп "Тараптар" деп аталады.

#### Б ы л а й :

Қазақстан Республикасы Президентінің "Ел экономикасының мұнай-газ секторындағы мемлекеттің мүдделерін одан әрі қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 2002 жылғы 20 ақпандығы N 811 U020811\_ Жарлығына сәйкес "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" ("Қазақойл" ҰМК) және "Мұнай және Газ көлігі" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамдарының қосылуы жолымен "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы құрылды және олардың құқықтық мұрагері болып табылады;

"Қазақойл" ҰМК ЭНИ С.п.А, Аджип Қараышығанақ Б.В., БГ Групп п.л.к., БГ Интернейшнл Лимитед, Тексако Инк., Тексако Интернейшнл Петролеум Компани, "ЛУКОЙЛ" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы және Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет етуші Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі арасында 1997 жылғы 18 қарашада жасалған Өзара кепілдіктер туралы келісімнің ("ӨКК") тарaby болып табылады;

Аджип Қарашығанақ Б.В., Б.Г. Эксплорейшн энд Продакшн Лимитед, Тексако Интернейшнл Петролеум Компани, "ЛУКОЙЛ" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы, "Қазақойл" ұлттық мұнай-газ компаниясы" жабық акционерлік қоғамы және Қазақстан Республикасының Үкіметі арасында жасалған 1997 жылғы 18 қарашадағы Қарашығанақ мұнай-газ конденсаты кен орнының мердігерлік участесінің өнімін бөлу туралы түпкілікті келісімнің (ӨБК) 1.1-бөліміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі Уәкілетті органды белгілеуге құқылы және ӨБК-нің 23.7-бөліміне сәйкес ӨБК мен ӨБК-ге сәйкес ілеспе құжаттар бойынша цессионарий міндеттемелеріне кепілдік беретін б о л а д ы ;

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы N 811 Жарлығын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 ақпандағы N 248 қаулысына сәйкес ӨБК бойынша өкілетті органның функциясын Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі тапсырды, ал ҚазМұнайГаз қабылдады;

ӨБК-нің 23.2 (а) бөліміне сәйкес БГ Интернейшнл Лимитед ӨБК мен ілеспе құжаттар бойынша өзінің құқықтары мен міндеттемелерін өзінің аффилиирленген тұлғасы - БГ Қарашығанақ Лимитедке толығымен берді, ал БГ Қарашығанақ Лимитед БГ Интернейшнл Лимитед компаниясының ӨБК мен ілеспе құжаттар бойынша құқықтары мен міндеттемелерін толық қабылдады.

#### СОНДЫҚТАН Тараптар мыналар туралы уағдаласады:

1. ӨКК-нің кіріспе бөлігінде көрсетілген Тараптардың құрамы былайша жазылатын болады:

1) Италияда тіркелген ЭНИ С.п.А. (ENI S.p.A.) компаниясы ("Аджип бас компаниясы");

2) Нидерландыда тіркелген Аджип Қарашығанақ Б.В. (Agip Karachaganak B. V.) компаниясы ("Аджип");

3) Құрама Корольдікте тіркелген БГ Групп п.л.к. (BG Group p.l.c.) компаниясы ("БГ бас компаниясы");

4) Құрама Корольдікте тіркелген БГ Қарашығанақ Лимитед (BG Karachaganak Limited) компаниясы ("Бритиш Газ");

5) АҚШ, Делавэр штатында тіркелген Тексако Инк. (Texaco Inc.) компаниясы ("Тексако бас компаниясы");

6) АҚШ, Делавэр штатында тіркелген Тексако Интернейшнл Петролеум Компани (Texaco International Petroleum Company) компаниясы ("Тексако");

7) Ресей Федерациясында тіркелген "ЛУКОЙЛ" мұнай компаниясы" ашық акционерлік қоғамы компаниясы ("ЛУКОЙЛ" бас компаниясы);

8) Қазақстан Республикасының атынан әрекет ететін Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан әрекет етуші Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі ("Республика") және;

9) "ҚазМұнайГаз" ұлттық компаниясы" жабық акционерлік қоғамы ("ҚазМұнайГаз") .

2. ӨКК-нің мәтіні бойынша "Қазақойл" деген сөз "ҚазМұнайГаз" деген сөзben ауыстырылсын.

3. Барлық Тарап мыналарды мойындайды және келіседі (және бұл ӨКК-ге қол қойған күнінен бастап кез келген мақсаттарда жарамды):

(А) ҚазМұнайГаз ӨКК бойынша "Қазақойл" ҰМК-нің нақты бар, сондай-ақ шартты түрде болатын, сонымен қатар келешекте туындейтын барлық үлестерін, міндеттерін, борыштары мен міндеттемелерін өзіне қабылдады;

(Б) Республика ӨБК-нің 23.7-бөліміне сәйкес ҚазМұнайГаздың міндеттемелерін орындауға кепілдік береді;

(В) БГ Қарашиғанақ Лимитед ӨКК бойынша БГ Интернейшнл Лимитедтің нақты бар, сондай-ақ шартты түрде болатын, сонымен қатар келешекте туындейтын барлық үлестерін, міндеттерін, борыштары мен міндеттемелерін өзіне қабылдады, соған байланысты БГ Қарашиғанақ Лимитед ӨКК-де "Бритиш Газ" деп аталады;

(Г) осы Келісімнің жоғарыда көрсетілген (В) тармағына байланысты БГ бас компаниясы БГ Қарашиғанақ Лимитед ("Бритиш Газ") үшін - Бас компания - Кепілгер бодалды.

4. Жоғарыда санамаланған 2 және 3-тармақтарда айтылған міндеттемелерді өзіне қабылдаудына және ауыстыруға байланысты Тараптар "Қазақойл" ҰМК-ның, БГ Қарашиғанақ Лимитедтің ӨКК бойынша оларға жүктелген нақты бар, сондай-ақ шартты түрде болатын, сонымен қатар келешекте туындейтын кез келген және барлық борыштарды төлеуден міндеттемелер мен міндеттерді орындаудан босатылғанын мойындайды және келіседі және бұл ӨКК-ге қол қойған күнінен бастап кез келген мақсаттарда жарамды.

5. Осы ӨКК-ні Өзгерту туралы келісім бойынша туындейтын кез келген және барлық даулар ӨКК-нің 7-бөліміне сәйкес шешілетін болады.

6. Осы ӨКК-ні Өзгерту туралы келісімге Тараптардың саны бойынша даналарда қол қойылды және бірге алынған барлық осындаған даналар сол бір құжат ретінде қаралуы тиіс. Осы Келісімнің орыс және ағылшын тіліндегі даналарына қол қойылады және олардың екеуінің күші бірдей. Осы Келісім Тараптар үшін міндетті болып табылады және мұнай-газ өнеркәсібінің халықаралық практикасына сәйкес тәртіппен тек сол айтылғанмен түсіндіріледі, алайда жоғарыда айтылғанға қарамастан, осы Келісім

Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

7. Осы Келісімнің бас әріппен жазылған барлық терминдері, басқаша

айтылғандарды қоспағанда, ӨКК-де белгіленген терминдер болып табылады.

8. Осы ӨКК-ні Өзгерту туралы келісім оған барлық Тараптар қол қойған күнінен бастап күшіне енеді.

ЖОҒАРЫДА АЙТЫЛҒАНДАРДЫ РАСТАУ ҮШИН осы Келісімге Тараптардың уәкілетті өкілдері тиісті тұрде қол қойды.

ЭНИ С.П.А.

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

АДЖИП ҚАРАШЫҒАНАҚ Б.В.

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

БГ ГРУПП П.Л.К.

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

БГ ҚАРАШЫҒАНАҚ ЛИМИТЕД

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

ТЕКСАКО ИНК.

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

## ТЕКСАКО ИНТЕРНЕЙШНЛ ПЕТРОЛЕУМ КОМПАНИ

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

## "ЛУКОЙЛ" МҰНАЙ КОМПАНИЯСЫ"

### АШЫҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

АТЫНАН ӘРЕКЕТ ЕТЕТІН

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҮКІМЕТИНІҢ

АТЫНАН ӘРЕКЕТ ЕТУШІ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ

ЭНЕРГЕТИКА ЖӘНЕ МИНЕРАЛДЫҚ

РЕСУРСТАР МИНИСТРЛІГІ

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

## "ҚАЗМҰНАЙГАЗ" ҰЛТТЫҚ КОМПАНИЯСЫ"

### ЖАБЫҚ АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ

---

Аты:

Лауазымы:

Күні:

Мамандар:

Багарова Ж.А.,  
Қобдалиева Н.М.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК